

## **Н.В. ВОЕВОДЕНКОНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІНЕН ЖИНАҚТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕСІ**

*Воеводенко Надежда Вениаминовна,  
қосымша білім беру педагогі,  
Рудный қаласы әкімдігінің  
«Оқушылар және жастар сарайы» МКҚК  
«Надежда» «Халықтық» циркінің жетекшісі*



**Воеводенко Надежда Вениаминовна** – жоғары санатты қосымша білім беру педагогі, 19 жыл бойы Оқушылар және жастар сарайының «Надежда» цирк мектебінің жетекшісі болып жұмыс атқарады. 2010 жылы ұжымға «Халықтық» атағы берілді. Педагогикалық жұмыс уақытында Надежда Вениаминовна тәрбиеленушілердің ұжымшыл ұжымын құра білді.

Оның үйірме мүшелері – халықаралық, республикалық, қалалық конкурстар мен фестивальдардың жеңімпаздары, республикалық және облыстық деңгейдегі іс-шаралардың қатысушылары.

Педагог «Сахынадағы цирк» атты авторлық оқу бағдарламасын құрастырды. Сабақтарында Надежда Вениаминовна даралап оқытуға аса көңіл бөледі, дарынды және талантты тәрбиеленушілерді қолдайды, әр бала үшін табыс жағдаятын жасайды, тәрбиеленушілерге өз шеберлігінің сиқырларын және циркке деген махаббатын ептілікпен жеткізе біледі. Оның қызметінің негізін жеке-бағытталған оқыту технологиясы құрайды.

Надежда Вениаминовна – өз ісіне беріліп істейтін, әрқашанда шығармашылық ізденісте болатын, өз білімін және кәсіби шеберлігін жетілдіретін дарынды педагог. Надежда Вениаминовна жоғары нәтижелер көрсететін үйірме жұмысының бірегей жүйесін құрастырды.

Ұжымның және оның тәрбиеленушілерінің жетістіктері – педагогтің жұмыс сапасының көрсеткіші: 2004-2006 жылдары – Қазақстан Республикасының «Дельфийлік ойындарының» қола жүлдегерлері, Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар сайыстарының дипломанттары, 2008 жылы – Қалалық «Жас толқын» жастар фестивалінің I, II, III орын иегерлері, 2010-2011 жылдары Астана қаласында Президенттік шыршаға қатысты.

2013-2014 оқу жылында Рудный қаласының Оқушылар және жастар сарайында, педагогтің ынтасының арқасында III Өңірлік «Біздің

«Балашағымыздың циркі» фестивалі өтті, Сарайдың сахынасында 200-ден астам өңірдің балалары жиналды.

Надежда Вениаминовна басқаратын ұжым – Астана қаласында өткен «Ақ көгершін» балалар шығармашылығының ІХ Республикалық фестиваль – конкурсының І дәрежелі лауреаттары (2012 ж).

2015 жылғы наурызда «Надежда» «Халықтық» циркінің тәрбиеленушілері Челябині қаласында өткен Халықаралық «Таланттар ғаламшары» фестивалінің қатысушылары және жүлдегерлері болды, олардың жетістіктері:

- І дәрежелі лауреаттар (ересектер тобы);
- І дәрежелі лауреаттар (ортаңғы топ);
- І дәрежелі дипломанттар (кіші топ).

Надежда Вениаминовна Өңірлік «Біздің балашағымыздың циркі» цирктік өнер фестивалінің ұйымдастырушысы және идеялық рухтандырушысы болып табылады. Надежда Вениаминовнаның арқасында цирк мектебінің 8 түлегі өз өмірлерін цирктік өнермен байланыстырды - олардың 5-еуі Қазақстанның және Ресейдің кәсіби ұжымдарына қатысады, 3-еуі цирктік оқу мекемелерінде жұмыс атқарып жатыр. Надежда Вениаминовнаның эстафетасын өз балалары да жалғастырды, олар да үлкен жетістіктерге жетті. Надежда Вениаминовна тәрбиеленушілеріне үлгі болып табылады. Цирктік нөмірлердің, көріністердің, шоу-бағдарламалардың қойылымдарын шығармашылық қиялмен сүйемелдейді. Жыл сайын педагог қала тұрғындарын «Приключение Буратино», «Летучий корабль», «Вовка в тридевятом царстве» ертегілер бойынша театрлік қойылымдарымен қуантады.

Мақсаттылық, еңбекқорлық, адалдық, жоғары кәсіпқорлық – осы қадір-қасиеттері үшін Надежда Вениаминовнаны балалар, ата-аналар және әріптестері аса құрметтейді. Педагогтің кәсіпқорлығы және шеберлігі мадақтау қағаздармен, дипломдармен белгіленді.



